

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» МКҚК

№ 1 ХАТТАМА

«15» қазан 2025 жыл

«ППҚ кеңесінің отырысы– 2025-2026 оқу жылы»

Төрағасы: Курманова Лаззат Бауржановна

Хатшысы: Косанова Гульмира Сабидуллаевна

Қатысқаны: әдіскер: Бекенова Гулим Жулжановна

Психолог: Шамшина Нургуль Мусаевна

Медбике: Аширова Ляззат Молдагалиевна

Тәрбиешілер: Сатаева Алтынай Даулеткереевна, Бурханова Райхан Хорматовна,

Таужанова Амангуль Такировна, Нұрмухан Балауса Өтегенқызы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.2025-2026 оқу жылына арналған ППҚ жұмыс жоспарын бекіту.
- 2.Мамандардың психологиялық-педагогикалық сипаттамаға енгізген деректерін нақтылау жіберілгенге дейін тәрбиеленушілерді қажеттілікке байланысты ППҚ -да білім беру бағыттарын жоспарлы нақтылау.

ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша консилиум төрағасы Л.Б.Курманова сөз сөйледі, ол ППҚ мүшелерін ППҚ – нің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда:

- Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу;
- Психологиялық қолдау көрсету;
- Ата-аналармен жүйелі байланыс орнату;
- Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған семинарлар мен әдістемелік кеңестер өткізу қарастырылғаны айтылды.

Оның міндеттері дамудағы ауытқуларды, олардың сипаты мен себептерін немесе басқа да жағдайларды анықтау және ерте диагностикалау, мүмкіндігі шектеулі балаларды, сондай-ақ мүгедек балаларды кешенді тексеру болып табылады. оқыту және психологиялық – педагогикалық қамтамасыз ету мақсатында бейімделу білім беру процесінде сүйемелдеу, баланың резервтік мүмкіндіктерін анықтау, Оқу-тәрбие жұмысын оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, баланың дамуы үшін психологиялық-педагогикалық бағдарламаның оңтайлы жеке бағдарламасын жасау сүйемелдеу, ұйымдастыру физикалық, интеллектуалдық және эмоционалдық шамадан тыс жүктемелер мен бұзылулардың алдын алу, өзекті даму динамикасын көрсететін құжаттаманы дайындау және жүргізу мақсатында білім беру және тәрбие шараларының бағдарламасы, қиын немесе жанжалды жағдайларды шешуде педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру.

2. Екінші мәселе бойынша алғашқы сөз кезегін психолог Шамшина Нургуль Мусаевна алды. Психолог тәрбиеленушілердің психологиялық жағдайына талдау

жасады. Балалардың эмоционалдық тұрақтылығы, қарым-қатынас дағдылары, ойын әрекетіндегі белсенділігі бойынша деректер ұсынылды. Кейбір балаларға жеке психологиялық қолдау қажет екендігі атап өтілді. Сондай-ақ, балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, отбасылық жағдайы және балабақшадағы тәртібі туралы мәлімет берді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілердің тізімі нақтыланды.

Психолог түзету-дамыту жұмыстары ретінде:

- топтық тренингтер,
- ойын терапиясы,
- эмоционалдық тұрақтылықты арттыруға арналған жаттығулар жүргізуді ұсынды.

Тәрбиешілер өз топтарындағы балалардың даму ерекшеліктері, мінез-құлқы және ата-аналармен байланысы туралы ақпарат берді. Балалардың жеке қажеттіліктерін ескеріп, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қажеттілігіне тоқталды.

Тәрбиешілер ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

- Ұсынылған бағыттар:
- жеке және шағын топтық жұмыстарды күшейту,
- ойын арқылы оқыту әдістерін кеңінен қолдану,
- ата-аналарға балалардың даму ерекшеліктері бойынша кеңес беру.

ППҚК кеңесі қаулы етеді:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған ППҚК жұмыс жоспарын бекітілсін және жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсін.
2. Мамандардың психологиялық-педагогикалық сипаттамаға енгізген деректерін нақтылау жіберілгенге дейін тәрбиеленушілерді қажеттілікке байланысты ППҚК -да білім беру бағыттарын жоспарлы нақтылансын, бағдарламаға сәйкес жұмыстансын.

Төрағасы:

ППҚК хатшысы:

Курманова Лаззат Бауржановна

Косанова Гульмира Сабидуллаевна

